


# ПРОИЗВОДСТВО СТРОИТЕЛЬНЫХ МАТЕРИАЛОВ

январь-март 2024 г.

**223,3**  
МЛРД ТГ



**103,8%**  
ИФО

**\$37,7** МЛН



**ЭКСПОРТ**

Импорт 37,2%  
ОТП 62,8%

**\$410,7**  
МЛН


**РЫНОК**

**\$152,8** МЛН



**ИМПОРТ**

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-февраль 2024 г.



**ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ**

## 2024 жылғы қаңтар-наурыздағы құрылыс материалдары өндірісі

ҚР құрылыс материалдары өндірісінің көлемі 2024 жылғы қаңтар-наурызда **223,3** млрд. теңгені құрады, бұл атаулы мәнде 2023 жылғы ұқсас кезеңнен **5,3%**-ға төмен (*235,8 млрд. теңге*).

Өнімнің нақты көлемінің индексі 2024 жылғы қаңтар-наурызда **103,8%** құрады. Заттай мәнде өсу келесі тауарлар бойынша байқалады:

- кож, минералды мақта (+2,1 *рет*)
- отқа төзімді емес қыш кірпіштер (+36,7%);
- отқа төзімді бұйымдар (+10,3%)
- бетоннан жасалған құрастырмалы құрылыс конструкциялары (+9,8%);
- гипсокартон (+9,6%);
- құрылыс ерітінділері (+3,9%).

Құрылыс материалдары өнімдерінің экспорты 2024 жылдың қаңтар-ақпан айларында 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда **37,6%**-ға ұлғайып, **37,7** млн. АҚШ долларын құрады. Заттай мәнде экспорт көлемі **12,5%**-ға ұлғайып, **153,3** мың тоннаны құрады, ал өткен жылдың осы кезеңінде ол **136,3** мың тонна деңгейінде болды. Экспорттың негізгі топ-елдері: Ресей, Өзбекстан және Қырғызстан.

2024 жылғы қаңтар-ақпанда отандық нарыққа құрылыс материалдарының импорты **152,8** млн. АҚШ долларын құрады, бұл 2023 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда **1,4%**-ға төмендегенін көрсетті. Заттай мәнде тауарлар көлемі **349,4** мың тоннаны құрап, 2023 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда **7,6%**-ға азайды. Негізгі топ-импорттаушы елдер: Ресей (33,7%), Қытай (32,1%) және Өзбекстан (5,2%).

2024 жылдың қаңтар-ақпан айларында ҚР құрылыс материалдары нарығының көлемі **410,7** млн. АҚШ долларын құрады, онда **ОТӨ үлесіне 62,8%**, **импорттық өнімнің үлесіне 37,2%** келеді.

Ағымдағы жылдың қаңтар-наурыз айларында құндық мәнде өндірістің ең көп көлемі Астана қаласына (өңірдің үлесі өндірістің жалпы көлемінде 14,1%), Қарағанды облысына (9,5%) және Алматы облысына (8,9%) тиесілі.